туралы, кәметке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күрес туралы Заң жобаларын талқылауға белсене қатысқан. ҚР ІІМ Академиясы және Қырғызстан-Ресей Славян университеті жанындағы (Бішкек қ.) докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болған.

Сондай-ақ ғалымның республикада ғылыми кадрлар даярлауға сіңірген еңбегі де орасан. Оның жетекшілігімен 70-тен астам аспирант (адъюнкттар), докторант-диссертация қорғаған. Қайыржанов Елеген – Қазақстан Ұлттық жаратылыстану академиясының академигі, Әл-Фараби атындағы сыйлықтың лауреаты (1998 ж.), ҚР ғылым мен техника қайраткері (2000 ж.), ҚР Президенті жанындағы құқықтық саясат кеңесінің мүшесі (2003 ж.), Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы қоғамдық ғылым бөлімінің сарапшысы болды.

Талантты ғалым, ұлағатты ұстаз, халқының айтулы перзенті 2010 жылы 1 қаңтарда дүниеден өтті. Көптеген шәкірттері оның ізін жалғап, еліміздің жоғары оқу орындарында адалдықпен ұстаздық етуде. Бүгінгі Қазақстандағы заң ғылымының өркендеуіне, дамуына субелі үлесі қосқан Елеген сияқты ғалымдардың аты ешуақытта ұмытылмайды.

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**  
заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері

**Әл-Фараби кітапханасында профессор Шәркүл Таубаеваның «Қазақ университеті» баспасынан шыққан кітаптарының тұсаукесері өтті**

# Аздық ШЕЖЕРУРА

**Английский язык сегодня приобрел особый статус и его изучение в школах и вузах Казахстана переходит на новый этап.**



Сегодня во многих вузах предметы преподают на английском языке, и с трансформацией КазНУ им. аль-Фараби в научно-исследовательский университет, на его базе проводятся исследования с участием не только отечественных ученых, но зарубежных. В связи с изменением статуса и вступлением в международные образовательные организации, руководство университета уделяет больше внимания языковой подготовке студентов. На базе университета были созданы курсы по английскому языку IELTS для студентов и работников университета. Инициатором этой идеи была кафедра иностранных языков естественных факультетов факультета филологии, литературоведения и мировых языков. Преподаватели кафедры ведут занятия с преподавателями и студентами по подготовке к сдаче международных экзаменов по английскому языку TOEFL и IELTS. Также данные курсы предусматривают занятия по развитию навыков устной и письменной речи, что является важным компонентом успешной научной деятельности, так как, все фундаментальные и прикладные исследования приводятся научно-исследовательскими группами, в состав которых входят ученые из разных стран, где общение осуществляется на английском языке.

Активный интерес к изучению языка Шекспира проявляется и со стороны самих студентов. Студенты КазНУ с удовольствием посещают курсы IELTS, участвуют в воспитательных мероприятиях, которые проводятся на английском языке, выступают с научными докладами, принимают участие в международных online семинарах и конференциях, посещают лекции иностранных профессоров. В университете на каждом факультете созданы группы на английском языке обучения. Благодаря такому новшеству у студентов появляется не только стимул к изучению английского языка, но и возможность устного общения на профессиональную тему.

Другим стимулом к изучению английского языка являются зарубежные стажировки и международные научные проекты. Благодаря тесному сотрудничеству с ведущими университетами мира студенты КазНУ в рамках программы по академической мобильности получают возможность выехать на учебу или научную стажировку в один из вузов партнеров КазНУ. Основным требованием для выезда на учебу в зарубежные страны и участия в международных проектах финансируемых МНТЦ (международным научным техническим центром) является знание английского языка. По завершении проекта студенты не только получают необходимые профессиональные навыки по своей специальности, но и используют на практике приобретенные теоретические знания по техническому и деловому английскому языку на курсах IELTS и при прохождении общеобразовательной дисциплины на первом курсе: «Профессионально-ориентированный иностранный язык».

**Е.И. ЛУГОВСКАЯ,  
Б.Н. БЕКМАШЕВА**

## ӨМІРІН ӨЛЕҢМЕН ӨРГЕН

**Филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы оқытушыларының және «Шетел филологиясы» мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында аса көрнекті ақын Мұқағали Мақатаевтың республика көлемінде дәстүрге айналған туылған күні құрметіне арналған «Өмірін өлеңмен өрген ақын» атты әдеби-сазды жыр кеші өтті.**

Ақынның дүниеге келу тарихынан бастап, асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақынның еңбек жолдарын паш ететін көріністер, өз дауысынан жазылған өлең-жырлардан үзінділер кеш келбетіне арқау болып, көрермендер көңілін жыр әлеміне самғатты. 45 жасында дүниеден озған ақын 1 минут үнсіздікпен еске алынды. Осыдан соң Қадырқұл Алтынай «Three happy things», Жолашыбай Асел «Kazakh Land», «Dialogue of Love» өлеңдерін ағылшын тілінде оқыса, «Қазақ филологиясы» мамандығының студенттері Аяжан Чакиртова «Шыда» атты өлеңін, ал Ғазиза Рүстембек ақынның «Поэзия» өлеңін және өзінің «Мұқағалиға арнауын» мәнеріне келтіре орындады.

Кешке қатысқан шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Әнуар Тарак Мұқағали Мақатаев мұрасы – мәңгілік поэзиясы туралы, өзінің балалық шағында ақынмен жүздесу бақыты бұйырғанын, шынында да, «Артына өлмейтұғын сөз қалдырғаны» жайлы мазмұнды әңгіме өрбтті.

**Мағұлсім ЖАҢАБЕКОВА,  
Әліби ӘРІПОВ,**

*шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары*

# ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ- отаншылдық бастауы

**Кез келген мемлекет патриоттық тәрбие берудің әрекет ете алатын жүйесі болуын қажет етеді. Оның мазмұны мемлекетте қалыптасқан жағдайға, ал оның жүйесі қазіргі үнемі өзгермелі талап-тілектер аумағына сәйкес келуі қажет.**



Президент Н.Ә. Назарбаев біздің жастарымызға айрықша назар аудара отырып, тәуелсіз даму жылдарында біздің болашақ мемлекетіміздің іргетасын құрап, барлық казакстандықтарды біріктіретін басты құндылықтар қалыптасты деп атап өтті. Бұл құндылықтар – казакстандық жолдың тәжірибесі.

Біріншіден, бұл Қазақстан Тәуелсіздігі мен Астана. Екіншіден, қоғамдағы бейбітшілік пен келісім, ұлттық бірлік. Үшіншіден, бұл зайырлы қоғам мен жоғары руханилық. Төртіншіден, индустриализация мен инновация негізінде экономикалық өсу. Бесіншіден, бұл Жалпыға ортақ Еңбектің Қоғамы. Алтыншыдан, тарих, мәдениет және тілдің тұтастығы. Жетіншіден, біздің еліміздің аумақтық және жалпы әлемдік мәселелерді шешудегі жаһандық қатысуы мен ұлттық қауіпсіздігі. Бұл мемлекет қалыптастырушы, жалпыұлттық құндылықтарда Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі жатыр.

Студенттердің, әсіресе, болашақ педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар мен білім беру жүйесі қызметкерлерінің патриоттық тәрбиесі ерекше мәнге ие. Педагогикалық іске өзіндік оқыту – университетіміздегі оқу үдерісі барысында патриоттық тәрбиемен үздіксіз байланыста. Ол түрлі форма мен әдістерде барлық кафедралар мен факультеттерде ұйымдастырылып, жүргізіледі. Дәрістер мен тәжірибелік сабақтардың тақырыптық жоспарында, кафедралардың жұмыс жоспарына адамға ізгілікті қарым-қатынас, өз мамандығына, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет ұстанымы енгізілген.

Біз, педагогтар және куратор-эдвайзерлер студенттерге патриотизм мазмұнын жеткізуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық құрамдас бөліктер жайлы білуіміз қажет. Оны сапалы, тұлғаның игілігіне қолданылатындай етіп жеткізу орынды. Мұнда эмоциональдық әсер ету маңызды рөл атқарады. Нақтырақ айтқанда, сезім – «қажет» деген білім мен «қажет» деген әрекет арасындағы ортақ байланыстырушы буын. Сондықтан

да нәтижелілікке әрекет етуші түрткілік әсер беретін эмоциялар, эмоциональдық фактор өте маңызды.

Үлкен жетістіктерге мақтаныш сезімі, еліміздің қайталанбас табиғаты мен сұлулығына тамсану сезімі, алғыс айту сезімі. Дәл осы тұста экономикалық және әлеуметтік мәселелерге аландаушылық, мұнаю мен ауырлық сезімі. Ал ең бастысы – еліміз бен халықтың бүгінгі мен болашағына жауапкершілік сезімі.

Осы ретте педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы ұжымының жұмысы университеттің тәрбиелік жобалары аясында қазіргі студент жастардың ұлттық өзін-өзі ұғынуы мен патриотизмін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар салауатты өмір салты – саламатты ұлт құру негізі ретінде; болашақ мамандардың интеллектуалды әлеуетін дамыту – бәсекеге қабілетті ұлтты

дамытудың негізі ретінде; ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, этносаралық және конфессия аралық келісім, т.б. мәселелерге жігіт көңіл бөлінеді.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында қалыптасқан тәрбие жұмысы бағыттарын атап өтер болсақ, республиканың үдемелі даму тәжірибесінен студенттерді жағымды креативті ақпараттармен, тоериялық біліммен толық қамтамасыз ету, студенттердің жалпы мәдениетін көтеру, мемлекетіміздің жетістіктері мен тарихын зерттеу, зерттеушілік-ізденушілік жұмыстың күшеюі, студенттердің жобалық әрекетінің дамуы, жастардың ғылыми-клубтық және үйірмелік әрекеттері арқылы ұжымдық мәдениет дамуы мен белсенді қоғамдық өмірге жұмылдыру, спартакиада, түрлі байқауларда студенттердің өзге ЖОО-ларға, жақын және алыс шетелдерге ғылыми баяндамалармен баруы, студенттерді қатыстыра отырып, имидждік шараларды жүргізу бойынша жұмыстар белсенді түрде атқарылуда. Мәселен, «CAMERATA KAZAKHSTAN», «Бүгінгі бойжеткен – ертеңгі ана!», «Гендерлік теңдік: әйел және ер көзқарасы», «Логос» – бұлар еркін шығармашылық кеңістігі! «Қазақстан жана жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму», «Н.Назарбаев: Человек-эпоха», «Тәуелсіздік күні» – бұлар ел тарихына арналған іс-шаралар. «Жүректен жүрекке», «Кітап – мәңгілік мұра» – 100 кітап жобасы аясындағы шаралар. Сондай-ақ кафедрада 6 студенттік клуб пен орталық: «Логос», «Шабыт», «Эмпатия», «Гармония» және «Үміт сәулесі» еріктілер қозғалысы студенттерді біріктіріп, таптырмас тәжірибе алаңына айналып отыр.

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі,  
профессор А.Ә.БУЛАТБАЕВА,  
доцент Ә.М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА*

# ЖҮРЕКТЕТІ АЛАУ!



**Алматы қаласы Дүниежүзілік 28-ші қысқы Универсиада ойындарын өткізді. Алау эстафетасына барша Қазақстаннан мыңдаған адам қатысты. Алау ұстаушы мәртебесіне студенттер арасынан спорт, ғылым, мәдениет салалары бойынша өздерін жан-жақты көрсетіп жүрген үздік студенттер таңдап алынды.**

Эстафета Қазақ ұлттық университетінен басталды. Алау эстафетасын Жастар комитетінің төрайымы Айсулу Ерниязова жағып, қала әкімі Бауыржан Байбекке ұсынды. Алау ұстаған жандармен бірге бүкіл қазақ даласы жеңіске бірге аяқ басқандай.

Студенттердің бірінің қолында қазақтың желбіреген айбынды көк туы, екіншісінің қолында рух берер мәтіндер жазылған тақтайшалар бар. Мұндағы көрініс тіптен керемет! Мыңдаған студенттер, еріктілер, қонақтар – бәрі осында жиналған. Ректорат ғимаратының алдына сахна қойылып, аланның қақ ортасына биіктетіліп үлкен алау қазаны орнатылған. Жан-жағына орнатылған бес түрлі-түсті қазандық алаумен ерекше үйлесімділік тапқан. Ортадағы алау қазанына

от жағылып, жеті түрлі ғылымның жеті түрлі қазандықтары көкке от атты. Универсиада алауы сияқты, халықтың да жүрегінде ерекше бір өшпес алау жағылғандай болды. Куә болған осы ғажайып көрініс бойымды шымырлатып, көкірегіме қуаныш сезімін, туған жеріме деген махаббатым мен мақтаныш сезімді арттырды.

Көзіммен көріп, жүрегіммен сезінген осынау көрініс мені шын бақытты екенімді тағы да ұғындырғандай болды. Мен ішімнен «Мен Қазақ ұлттық университетінің студентімін! Мен бақыттымын!» дедім. Ел абыройын асқақтатқан әлемдік жарыстың Қазақстанда өткеніне шексіз қуаныштымын.

**Нүрдәулет БЕЙСЕНҒАЗИЕВ,**  
*«Археология және этнология» мамандығының 1-курс студенті, «Этнолог» клубының мүшесі*

# ВКЛАД В ОБЩЕЕ ДЕЛО

**Традиционно на ректорате были вручены стипендии талантливой и перспективной студенческой молодежи КазНУ, а также награды...**

В целях поддержки научной деятельности молодых ученых, известный общественный деятель Казахстана Генеральный секретарь ТЮРКСОЙ, профессор Дюсен Касеинов вручил стипендии студентам 2 курса специальностей «Тюркология» и «Иностранная филология» С.Смакову, Б.Смагуловой, А.Сарсенбаевой, Ж.Букасовой, А.Сулейменову, А.Таждин, А.Андировой и Ж. Жармұхановой.

между народами.

Также Указом Президента РК юбилейной медалью «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» были награждены заведующий кафедрой биофизики и биомедицины, профессор Султан Толеуханов, генеральный секретарь Урало-Сибирской федерации ассоциаций, центров и клубов ЮНЕСКО Юлия Аверина. За



Государственной награды Республики Казахстан был удостоен писатель, драматург, общественный деятель, создавший Дом Абая в Лондоне (1995), «Международный клуб Абая (2000) и Международный литературный журнал «Аманат» - Роллан Сейсенбаев. Указом Президента РК Н.А. Назарбаева Р.Сейсенбаев награжден орденом «Достық» II степени. Председатель правления Союза писателей Казахстана Нурлан Оразалин отметил плодотворную работу Роллана Шакиновича по сохранению согласия в обществе, заслуги в укреплении мира, дружбы и сотрудничества

поддержку в проведении международной видеоконференции «Роль клубов ЮНЕСКО в продвижении межкультурного диалога и сохранении культурного наследия» факультету международных отношений было вручено благодарственное письмо от вице-президента Казахской национальной федерации клубов ЮНЕСКО Серкана Аязбаева.

**М.Д. МУРЗАГУЛОВА,**  
*преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента*

# ЖАҢА КҮШ, ЖАҢА СЕРПІН

**Көктемгі семестрдің алғашқы күндері факультетіміз үшін тың серпіліспен басталды. Биология және биотехнология факультетінің экс-студенттік деканының қорытынды есебі тыңдалып, жаңа студенттік декан тағайындалды.**

Осы уақытқа дейін өз қызметін мінсіз атқарған студенттік декан Кенжебек Радмира Бердиярқызы студенттерді жаңа жетістіктерге жетелеп, ҚазҰУ-да өткен іс-шараларда бастай білді. Студенттердің мүдделері үшін өзін-өзі басқаруды дамыту аясында да атқарған істері ауқымды.

Талмай еткен еңбегі және университетіміздің дамуына қосқан үлесі үшін Жастар ұйымы комитеті ұсынысымен, ректор, академик Ғ.М. Мұтановтың бұйрығымен ҚазҰУ-дың 80-жылдық мерейтойлық медалімен марапатталды. Есеп беру кешінде факультет деканы б.ғ.д., профессор Б.К. Заядан, декан орынбасары М.Х. Нармұратова және студенттік ректор А.Ә. Ерниязова, сонымен қатар өзге факультеттердің студенттік декандары мен өзін-өзі басқару ұйымдарының төрағалары қатысып, жылы лебіз білдірді.

Сондай-ақ жаңадан сайланған студенттік декан «Биотехнология» мамандығының 3-курс студенті Самат Айтуғанов өзінің стратегиялық жоспарымен таныстырып, факультет басшылығының және студенттерінің алдында факультетіміздің алға серпіліс жасауына тыңғылықты істер атқаратындығына уәде берді.

Самат Айтуғановқа факультетіміздің белсенді әрі дарынды студенттері қолдау көрсетуде үлгі болады деп сенеміз. Студенттер басшысы жұмысына жетістіктер мен сәттіліктер тілейміз!

**Саят ШАРАХМЕТОВ,**  
*биология және биотехнология факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы*

# ИННОВАЦИЯ КЕЛЕШЕГІ – жастардың қолында

**ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында ел экономикасын өркендетіп қана қоймай, білімді дамыту, руханиятымызды жаңғырту мәселелері көтерілген болатын. Елбасы өскелең ұрпақты өз бетімен ізденуге үндеп, осы бағытта оқыту бағдарламаларын жетілдіруді тапсырды. Сонымен қатар, ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу қажеттігі айтылды.**

Бүгінде маманнан талап етілетін техникалық біліктілікті, ғылым мен инновацияны меңгерген тұлғаның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген, инновациялық ақыл-ойлы және озық көзқарасты адам ғана Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Мұны тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру арқылы ғана жасауға болады.

Осы мақсатты ұстанған «Есеп және аудит» мамандығының бітіруші курс студенттері үлкен қызығушылықпен жуырда «Туран» университетінде «Сколково» қорының қолдауымен өткен Startup Tour инновациялық жобалар форумына қатысты.

Almaty Tech Garden басшыларының айтуынша, инвесторлар мен сарапшылардың назарына биологиялық, медициналық технология, ауыл шаруашылығындағы биотехнология, өнеркәсіптік технология,



энергетика, ақпараттық технология өндірісі бойынша 250-ге тарта өтінім ұсынылған. Негізгі міндет қызықты стартап бастамаларды ЕАЭО нарығына шығару болғандықтан, инновациялар жаһандық нарыққа шыққан жағдайда ғана сәтті болатындығы айтылды. Сондай-ақ Ресейдегі бизнес-орта біздікінен өзгеше екендігіне студенттердің көзі жетті.

Бағдарлама аясында таныстырылған «Есеп және аудит» мамандығының 4-курс студенттері – Ергали Нұрқалиев пен Ұлжан Дәулетқызының жобасы бойынша қазір инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Жамбыл және Қызылорда облыстарының әкімшіліктері қолдау білдірген студенттердің «Электронды Қазақстан» жобасының маңызды сипаттары – ел экономикасындағы көлеңкелілікті жою, жемқорлықты азайту, салықтық түсімді 100% түсіру, төлем жүргізуді автоматтандыру, дағдарыстың алдын алу, т.б.

Форум бағдарламасы бойынша өткізілген

шаралар аясында Мәскеу ғалымдарымен кездесу өтті. Студенттер өздерінің инновациялық ұсыныстарына деген көзқарастарын жеткізе отырып, менторлармен бірлесіп жұмыс істеу үрдісін үйренді.

Ел ертені – білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттау жолында Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Елімізде атқарылып жатқан іс-шаралар мен саяси ахуал жастарымыздың ғылыми зерттеуге қызығушылығын тудырып, арқау болары сөзсіз.

**А.К. БЕЙСЕНБАЕВА,**  
*есеп және аудит кафедрасының доценті;*  
**К.Т. АКИМБАЕВА,**  
*есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы*

**Жану мәселелері институтының ғалымдары өздігінен таралатын жоғары температуралық синтез режимінде кремнийді алудың жаңа технологиясын ойлап тапты**

# ӘЛЕМДІК СПОРТ ОЙЫНЫ – ҚАЗҰУ-ДА



## Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері алтимат-фрисби атты жаңа спорт түрін меңгеруде.

Біздің елімізде алтимат-фрисби ойыны енді ғана дамып келе жатқан спорттың жаңа түрі болып табылады. Дене шынықтыру және спорт кафедрасы бүгінде жалпыға қолжетімді аталмыш бұқаралық спорт түрін дамытуға үлкен көңіл бөледі.

Алтимат – командалық жанасусыз ұшатын диск – «фрисби» көмегімен айналылатын спорт түрі. Бұл ойынды алғаш рет Коламбия мектебінің (Columbia High School) білім алушылары бос уақыттарын тиімді өткізу үшін ойнап бастаған. 1967 жылдың күз айында Джоэл Сильвер фрисбисттердің командасын құру туралы ұсыныс жасаған.

XX ғасырдың алғашқы кезінде Америкада металдан және ағаштан жасалған фрисби пішінін ойлап тапқан екен, ол кезде фрисби іші қуыс, айналасы қырлы болып келген.

Ойын барысында туындаған ыңғайсыздықтан кейін фрисби пішіні біртіндеп өзгере бастаған. Өте қолайлы фрисбидің қазіргі пішінін Маулис Франд жасап шығарған.

1974 жылы әлемде тұңғыш рет бірінші дәстүрлі алтимат-фрисби чемпионаты өткізілді. 1983 жылы дүниежүзі фрисби бірлестік ұйымы құрылған. Аталған спорт түрі бойынша 33 жылда әлемнің 62 мемлекетінде 65 алтимат-фрисби клубы құрылған. 2008 жылы бүкіләлемдік Олимпиада комитетіне алтимат-фрисби ойынын Олимпиада спорт бағдарламасына енгізу туралы ұсыныс жасалған және осы жылы алтимат-фрисби ойыны бойынша алғаш рет Әлем чемпионаты өткізілген. Қазіргі таңда әлемнің 90-нан астам мемлекетінде алтимат-фрисби ойналады. Ал Олимпиаданың спорт бағдарламасына енгізу үшін аталған ойын жарысына 110 мемлекет мүше болу шарт екен.

Ойнау тәсіліне тоқталсақ, фрисби дискі әрбір спортшының өз дәрежесіне сай таңдалады. Фрисбидің салмақтары да әртүрлі:

110 гр, 145 гр, 175 гр, т.б. Фрисби ойнау тәсілі оңай әрі қарапайым. Бұл басқа спорт ойындары секілді орын, жер талғамайды, тек ашық алаң болса болғаны. Үлкен-кіші, кәрі-жас, ұл-қыз деп бөлінбей ойналады. Жарыс алаңының пішіні футбол алаңы секілді, ойналатын алаң ұзындығы 64 м, ені 37 м. Аланның екі жағында ұпай жинау алаңы болады. Ұпай алаңының ұзындығы 18 м, ені 37 м.

Алтимат-фрисби ойынын спорт түрі ретінде елімізде дамытуға «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 1-курс студенті Бауыржан Амантай атсалысуда. Бауыржанның бұл спортта қол жеткізген табыстары қуантарлық. Ол ҚХР Алтай өлкесі Шыңжан-Ұйғыр автономды округінде 2016 жылы өткен алтимат-фрисбиден ҚХР Чемпионатында командалық есепте 2-орынды иеленген. Сонымен қатар аталған Чемпионатты ұйымдастыру комитетінің «Үздік нәтиже иегері» мақтау қағазымен марапатталды. Ал 2017 жылдың 18 қаңтарда ҚХР университеттері арасында Шыңжан-Ұйғыр автономды округінде өткен алтимат-фрисби Чемпионатында командалық есепте 1-орын иеленіп, ҚХР астанасы Пекин қаласында студенттер арасында алтимат-фрисбиден өтетін халықаралық жарысқа жолдама алды. Қазіргі таңда спорттың бұл түрін ҚазҰУ жастарының меңгеруіне үлес қосуда. Аптаның дүйсенбі, сейсенбі және жұма күндері сағат 16:00-18:00 аралығында ҚазҰУ спорт кешенінің стадионында университетіміздің барша ерікті студенттерінен құралған команда мүшелеріне кешкі жаттығу ойындары өткізілуде. Ойнау техникасы өте қарапайым және көпшіліктің ойнауына қолжетімді спорт түріне қызығушылық танытып, бос уақытыңызды тиімді әрі денсаулыққа пайдалы іспен өткізіңіз келсе, жаттығу ойындарына келіп қатысуға шақырамыз.

**Жанна САБЫРБЕК,**  
*PhD, дене шынықтыру және спорт кафедрасы*

**Тарих, археология және этнология факультеті қаңтар айында Жамбыл облысы, Қордай ауданының 9,10,11-сынып оқушыларына арнап білім мен ғылым, инновация ордасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кампусын таныстыру мақсатында жастарды болашаққа бағыттайтын кездесу ұйымдастырды.**

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында берілген басымдықтар мен бағыттар әр сала бойынша атқарылар шараларға негіз болып табылады. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының мазмұны мен мақсаттары, оның ішінде білім беру саласына қатысты басымдықтары оқушылармен өткен кездесуде де кенінен түсіндірілді. Жолдауда білім беру бағдарламасы сыни ойлауға, ізденіске қабілетті құзыреттерді қамтуы тиісті ерекше аталып, адам капиталының сапасын жақсартудағы тетікті бағыт ретінде төртінші басымдылыққа көрсетілді. Қала мен ауыл арасындағы білім берудегі сапа айырмашылығын азайту, іздену дағдыларына қажетті мүмкіндік жасау жолдары кездесу барысында ерекше назарға алынды.

## Рухани БАЙЛАНЫС

Шараға қатысқан әрбір оқушының кәсіби маман болуы, азаматтық қоғамның толық мүшесі ретінде өзін танытуы, тұлға ретінде қалыптасуында жоғары оқу орнының ықпалы орасан. Кампусты аралап жүрген сәтте бір оқушының «ҚазҰУ-ды мен түсімде көрдім. Мен үшін ғажайып түс шынайылыққа айналды» деп әсерленуі талай ойға жетелейді. Халықаралық дәрежедегі осындай іргелі оқу орнына түсу үшін жалынды жігермен қатар, сапалы білім керек. Жолдауда айтылғандай, бүгінгі таңда қала мен ауыл арасындағы білім беру деңгейін теңестіретін кезең келді. Қазақтың бүгінгі әр зиялысы ауылдан шыққан болса, осы үдеріс болашақта жалғасын табуы тиіс.

Кездесуде Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Берекет Кәрібаев Жолдаудағы ұлттық сана-сезімді дамытуға қатысты мәселені көтерді. Ғалым қоғамдық сананың тарихи сана арқылы қалыптасуын түсіндірді. Оқушыларға тарихшының бүгінгі таңда атқаратын қызметі жайлы айта келіп, «Өз тілінді білмесең, өзгенің тілінде сөйлейсің, өз тарихыңды білмесең, өзгенің тарихын окисың» деген сөздермен қорытындылады. Пікірлесіп, ортаға ой салған оқушыларға өзінің «Қазақ хандары» атты кітабын сыйға тартты.

Бүгінде қандай мамандықтар сұраныста және сирек кездесетін мамандарға факультет деканы, т.ғ.к., доцент Меңдігүл Ноғайбаева тоқталды. Тарихшылардың арасында антропологиялық реконструкция бойынша мамандар қажет екендігін атап өтті. «Қазір біз Ресей немесе шетел ғылыми орталықтарына тапсырыс берудеміз. Сонымен қатар, мұражайлық экспозиция, мұрағаттық қызметке қатысты әлемдік сұранысқа сай келетін мамандар да қажет. Археологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдайтын лабораторияның жұмысын тұрақты түрде жүзеге асыруда осы бағыттағы кәсіби мамандарға мұқтажбыз», – деді Меңдігүл Сағатқызы. Тарихшы мамандығының аясы кең екендігін баса айта отырып, факультет басшысы еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет саласы қызметкерлерін даярлау осы ұжымның басты міндеті екендігін айтты.

Еліміздің бүгінгі даму жолын анықтайтын Жолдауды талқылау және үздік университет қалашығы мен оқытушыларымен пікірлесу оқушыларды жігерлендіріп, болашаққа деген сенімдерін арттыра түсті.

**Э.Т. ТЕЛЕУОВА,**  
*Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

## КЕPEК KEҢEС

### ҮЙДЕН ШЫҒАРДА ЕСКЕРЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

**Кейде үйден асығып шығып, қауіпті жағдайлардың алдын ала алмай қаламыз. Соның салдарынан түрлі апат болып, сау басымызға сақина тілеп жататын кездер жетерлік. Осындай келеңсіз жағдайға мұқият қарағаныңыз жөн. Егер мұндай дүниелерді ұмытып кете берсеңіз, ұялы телефоныңызға немесе есіктің шығар тұсына әрекеттеріңізді жазып қойыңыз. Сонымен сіз жоқ кезде үйіңіздің қауіпсіздігін сақтау үшін төмендегі жазбаларға назар аударыңыз.**

Ең бірінші үй ішіндегі барлық жарық шамын сөндіріп шыққаныңыз дұрыс. Себебі, үлкен күшпен келіп жатқан тоқ дұрыс жұмыс істемесе өртке әкеліп соғуы әбден мүмкін. Екіншіден, газ плитасының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Үйіңізде шылым шегетін болсаңыз, тұқылдарының сөнгеніне мұқият болғаныңыз абзал. Егер көлікпен жүрсеңіз, үйден шығатын кезде барлық құжатын бір тексеріп, кілтін алуды ұмытпаңыз. Үйдің ішіндегі үтік, теледидар сынды тоққа қосулы тұрған заттардың барлығының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Жуынатын бөлмеге барып кран суларының өшіп тұрғанын бір тексеріңіз. Егер краннан су ағып тұрса, сіз қайта келгенше бөлменіңден бассейн жасап қоюы да ғажап емес. Үйіңіздегі терезелердің жақсылап бекітілгенін қараңыз. Ашылып қалған әйнектер ұрылардың оңай кіруіне мүмкіндік беретіні тағы бар. Егер үйіңізде жануарлар асырайтын болсаңыз, оларға да мұқият назар аударыңыз. Қиратып кететін заттар болса қауіпсіз жерге ауыстырғаныңыз абзал. Асығып жүріп үйдің есігін итере сала тайып тұратын кездер де адам баласында болып тұрады. Сондықтан барлығына мұқият қарап, жауапкершілікпен назар салғаныңыз абзал. Тағы бір кішкене кеңес. Үйден шыққанда асықпас үшін алдын ала 15-20 минут бұрын қамданғаныңыз жөн.

Массaget.kz

### ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!



**«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында имидждік киімдер дүкені ашылды. Дүненнен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ логотипі бейнеленген киімдерді (толстовка, свитшот, футболка және т.б.) ала аласыздар. «Керемет» СҚНО-ның төменгі қабатында орналасқан жаңа нысан жеке тапсырыстарды да қабылдайды.**

**«Керемет» СҚНО әкімшілігі**

#### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

#### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №71**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.